

## ӨНДІРУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАУ НЕГІЗГІ МІНДЕТ!

### ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ЖОСПАРЫ ТОЛЫҚ ОРЫНДАЛДЫ МА?

➤ Қазанның 17-і күні Астанада «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да осы жылдың 9 айындағы қаржылық-шаруашылық қызметтің қорытындысына және күз-қыс кезеңдеріне дайындық бойынша іс-шаралардың орындалуына арналған есептік жиыналыс өтті. Жиынға ҚМГ БӨ өндіруші және мұнайсервистік еншілес және қарасты компанияларының, сондай-ақ мұнайгаз өндіру басқармалары мен кәсіпшіліктерінің басшылары қатысты. Төксан сайын өтетін жиынға бұл жолы сәріктес компаниялардың басшылары, атап айтқанда, «Қазгермұнай»БК» ЖШС бас директоры Жэнь Лисинь және «Қаражанбасмұнай» АҚ бірінші вице-президенті Ли Тецян қатысты. Жиыналысқа «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев төрағалық етті.



**Ж**иналысты ашқан бас директор Қ.Есқазиев өткен есепті кезеңде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобы бойынша топтастырылған мұнай өндіру бойынша негізгі көрсеткіштерге қысқаша тоқталып өтті. Жоспар бойынша тоғыз айда 9 075 534 тонна өндірілуі тиіс болды, алайда, іс жүзінде өндіру 8 890 408 тоннаны құраған. Жоспар 185 126 тоннаға кем шығып отыр. Оның 183 мың тоннасы «Өзенмұнайгаз» АҚ, 2 мың тоннасы «Ембімұнайгаз» АҚ, 11 мың тонна «ПетроҚазақстан» компаниялар тобына тиесілі. Бас директор осы жылдың шілде айында И.М. Губкин атындағы Ресейдің мемлекеттік университетінің, Eni, Shell ірі трансұлттық компанияларының, Уфа ғылыми техникалық орталығы мамандарының қатысуымен «Өзенмұнайгаз» АҚ бойынша Өзен, Қарамандыбас кен орындарын дамыту тұжырымдамасы дайындалғанын айтты. Бұл істе «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ, «Өзенмұнайгаз»АҚ және «ҚазМұнайГаз» Өндіру және Бұрғылау технологияларының ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бірлесіп үлкен жұмыс

атқарған. Дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасының қатысуымен өткен жиында қабылданған. Тұжырымдамада қаралған көптеген іс-шаралар басымдылығына, тиімділігіне қарай бөлініп, өндірістік бағдарламаларға, бюджетке және бизнес жоспарға енгізілген. Қ.Есқазиевтің айтуынша, Дамыту тұжырымдамасы ҚМГ БӨ-нің негізгі 14 кен орны бойынша іске асырылатын болады. «Біз 58 кен орнын игерудеміз, оның ішінде 14 кен орнында негізгі қорлар мен өндіруді қамтиды, сонымен бірге олардың өсу әлеуеті бар. Сондықтанда осы 14 кеніште Дамыту тұжырымдамасын негіздеу және енгізу бойынша жұмыстарды жүргізуді жоспарлап отырмыз», – деді Қ.Есқазиев. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қотырғас, Молдабек, Жаңаталап, Оңтүстік Батыс Қамысты, Забурн кеніштерін қоса алғанда, Прорва кен орындары тобын, «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның Қаражанбас кен орнын, «Қазгермұнай»БК»ЖШС-нің Ақсай, Ақшабұлақ, Нұралы кеніштерін да-

мыту тұжырымдамасын дайындау бойынша жұмыстар жүргізу жоспарланып отыр. «Бұл жұмыстар бізге болжамды мұнай өндіруді және күрделі шығындардың көлемін топтастыруға, көруге мүмкіндік береді. Жуырда Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы аясында өткен ауқымды республикалық кеңесте «Ембімұнайгаз» АҚ Уаз кен орнында интеллектуалды кен орын тұжырымдамасын енгізу бойынша жұмыстарымыз мемлекет басшысы, сондай-ақ премьер-министр тарапынан жоғары баға алғанын атап айтқым келеді. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының инвестициялық комитетінің шешіміне сәйкес цифрлық кен орын тұжырымдамасын енгізу бойынша жұмыстарды Өзен, Қарамандыбас, Ембімұнайгаз және Қазгермұнайдың бірқатар кен орындарында жалғастыратын боламыз. Сондай-ақ, өткен кезеңде атқарылған ауқымды істің бірі Прорва кен орнында газды кешенді дайындау қондырғысы құрылысының салынуы болды», – деді ҚМГ БӨ бас директоры.

3-бетте >>>

### Бүгінгі санда:



Майталман мұнайшы  
Нәсіпқали Марабаевтың  
туғанына 80 жыл

2 >>>



Дәнекерлеу ісінің жаңа  
үлгісін меңгеруде

7 >>>



Бекет Ата сапары

8 >>>

# БҮГІНГІ БҒЫЛАУ БҒЫЛАУ АРНАҒАН

## АЛЫШ ТҰЛҒА!



### Майталман мұнайшы Нәсіпқали Марабаевтың туғанына 80 жыл

**К**өрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ардагер-мұнайшы, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Нәсіпқали Әбуғалиұлы Марабаев көзі тірі болғанда биыл 80 жасқа толар еді. Қазақ мұнайының қара шаңырағы Атырауда дүниеге келіп, Мәскеуде мұнайшы мамандығын алған ардақты азамат елі үшін ерен еңбек етіп, мұнай-газ саласының дамуы жолында маңдай тер төгіп, аянбай қызмет етті. Оның өнегелі өмір жолы, еліне, өз мамандығына деген айрықша сүйіспеншілігі жас мұнайшылар үшін үлкен өнеге. Бұл орайда майталман мұнайшының 80 жылдығына орай Жаңаөзен қаласында ауқымды іс-шаралар өтті. Жаңаөзен қаласы әкімдігінің басшылығы, мұнайшылар, қала тұрғындары қоғам және мемлекет қайраткері Н. Марабаевтың зайыбын, ұрпағы мен әріптестерін қошеметпен қарсы алды. Маңғыстаудың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан арысты еске алу шарасы Жаңаөзен қаласындағы

«Бұрғышылар» аллеясына гүл шоқтарын қоюдан басталды. Ардагер бұрғышының рухына тағзым етіліп, гүл шоқтары қойылды. Ардагер мұнайшылар бір кездері бірге еңбек еткен Нәсіпқали Әбуғалиұлы туралы жылы естеліктерімен бөлісті.

Н. Марабаев абыройлы еңбегімен мұнай саласындағы көптеген жауапты буындарда еңбек етті. Өмірінің соңына дейін халқына, өзі еңбек еткен салаға қызмет етті. Еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастап, барлық күш-жігерін, қажыр – қайраты мен білімін еліміздің мұнай өндірісін дамытуға жұмсаған ірі тұлға туралы айрықша айтылды. Өзен алып кенішін игеруде ардақты азаматтың өшпес қолтаңбасы қалды. Ол ұлттық кадрлардың қалыптасуына, олардың жоғары білім алып, саланың белді буындарында шыңдалуына мол еңбек сіңірді. Оның ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттері мұнай-газ жүйесінің дамуына серпін берді. Ол өзінің биік адамгершілік,



ізгілік қасиеттерімен де адамдар жанында мәңгіге сақталды.

Ардақты азаматтың есімі берілген Ақтау қаласындағы №7 мектеп-лицей оқушылары үздік білімдерімен топ жарып, арнайы шәкіртақыны иеленіп жүр. Еңбек жолын қарапайым бұрғышы болып бастап, үлкен өндіріс мектебінен өткен азаматтың алып бейнесі жылдар өткен сайын биіктей беретіні сөзсіз.

Нәсіпқали Әбуғалиұлы елмен бірге тыныстап, еңбек етіп жүрген кезде тұрған Жаңаөзен қаласындағы «Самал» шағынауданындағы №36-шы үйге мемориалды тақта орнатылып, салтанатты жағдайда ашылды.

Салтанатты шара «Мұнайшы» мәдениет сарайында өткізілген ғылыми-конференциямен жалғасты. Мерекелік жиын Өзен кенорнының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан Нәсіпқали Марабаевтың еңбек жолын баяндайтын бейнефильмнен басталды. Марқұмның үзеңгілес әріптесі, досы Орал Ақшолоқов Нәсіпқали Марабаевтың ерлікпен пара-пар еңбек жолына шолу жасады. «Халық аман тұрғанда Нәкендей ұлтжанды азаматтың

елі мен жері үшін сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес» – деді ол. Салтанатты шараға қатысқан «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров өз сөзінде «Бүгінгі күніміз үшін біз Нәкен сияқты еңбек ардагерлеріне қарыздармыз. Компанияның өсіп-өркендеуі аға буын өкілдерінің төгілген маңдай терінің жемісі. Ұзақ жылғы қажырлы еңбегін халықтың игілігіне арнаған Нәсіпқали Марабаевтың есімін атап, атқарған істерін жас ұрпаққа үлгі ету – біздің міндетіміз, азаматтық парызымыз» – деді. Жерлестерінің құрметіне риза болған Нәсіпқали Әбуғалиұлының зайыбы Ләйла Оқанқызы «Сіздердің қошеметтеріңіз бен риясыз құрметтеріңізге шексіз алғысымды білдіремін. Отағасым тіріліп келгендей толқып тұрмын»-деп көзіне жас алып, ел азаматтарына ризашылығын білдірді. Қадірлі қонақтарға «Атамекен» мейрамханасында майталман мұнайшы рухына арналған ас берілді. «Ер еңбегімен сыйлы» деген, ардақты азаматтың еліне сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес. Өзі болмаса да оның атқарған еңбегі, ізі мен игі істері халық жадында.



### «QUICK WIN» жобасы:

#### Өзен кенорнына сапар



10 қазан күні «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басшылығы және «Самұрық-Қазына»ҰҒҚ» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері «Quick win» жобасы аясында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға іс-сапармен келді. Өзен кенорнының тыныс-тіршілігімен танысуды мақсат еткен топ оннан аса өндірістік нысанда болды. Өндірістің тиімділігін арттыру, ұңғыларды жөндеу жұмыстарының уақытын дұрыс ұйымдастырып, сапасын жақсарту бойынша ұңғыларды көрді. Маңызды жұмыстармен танысқан «ҚазМұнайГаз»ҰК» АҚ атқарушы вице-президенті Олег Карпущин кенорнынның даму бағытына өз бағасын берді.

**Джон Ричард Денис,**  
«ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологиялары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас директоры:

«Жоба бойынша Өзен кенорнына үшінші жыл қатарынан келіп отырмын. Өндірісте прогресс

бар. Бүгінгі танысқан горизонтальды скважинаны сәтті бұрғылау жұмыстарын зор жетістік деп айтуға болады. Компания жаңа технологияларды өндірісте тиімді пайдаланып, мұнай өнімін арттырып отыр. Мұның барлығы жұмысты дұрыс ұйымдастырып, әрі іске асырып отырған білікті мамандардың арқасы. Әрине, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ тарапынан көп қолдау тауып отырғанын да айта кеткім келеді».

**Мұрат Мұстафаев,**

«Қазақ ғылыми-зерттеу және мұнай-газ жобалау институты» ЖШС бас директоры:

«Біздің мекеме «Өзенмұнайгаздың ірі серіктестігі болып табылады. Жобалау жұмыстарын атқаратындықтан «Quick win» бизнес кейсін іске асыруға атсалысамыз. Қазірдің өзінде 3-блокта бір департаментіміз қызу жұмыс жасап жатыр. Супервайзерлеріміз де осында. Сондай-ақ, атқарылған жұмыстың нәтижесі онлайн бақыланып отыр».

## 1-бетте

Өзен кен орнында күз-қыс мезгілдерінде үнемі электр қуатының өшу үлкен проблемасы бары екені белгілі. Бұл мәселені шешу жолдары да қарастырылуда. Осы орайда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Инвестициялық комитетінде газтурбиналы электрстанциясының техникалық экономикалық негіздемесін дайындауға рұқсат алынғаны айтылды. Қазіргі уақытта рұқсат хаттама келісілуде. Техникалық экономикалық негіздеме дайындалған соң инвестициялық комитет қарауына ұсынылатын болады. Рұқсат алынған жағдайда Өзен кен орнында 50 мегаваттан екі газ турбиналы электр станциясы құрылысын салу көзделіп отыр. «Бірден екі 50 мегаваттан емес, алғашқыда 20 мегаваттан, сосын қосымша 20 мегаваттан және 10 мегаваттан саламыз. Бұдан басқа біз «Ембімұнайгаз» АҚ кен орнында газ-поршенді электр станциясы құрылысының қаржылық үлгісін анықтадық. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Инвестициялық комитетінен рұқсат алынды, біз



бұл жұмысты жалғастырамыз. Газ турбиналы және газ-поршенді электрстанцияларын өз қаражатамыз есебінен салатын боламыз», – деді Қ. Есқазиев.

ҚМГ БӨ басшысы компаниялар тобында іске асыру көзделген басқа да ірі жобалар бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ топтастырылған көрсеткіштерінің орындалуы туралы ҚМГ БӨ бас директорының экономика және қаржы бойынша орынбасары Дастан Абдулгафаров баяндады.

Өндіру бойынша бекітілген жоспардың орындалмауы негізінен «Өзенмұнайгаз» АҚ-да ұңғымалар ауыспалы қоры жоспарының орындалмауынан, оның ішінде ұңғымалардың тұрып қалуымен, өндіру сұйықтығы көлемінің азаюымен және суланудың өсуімен байланысты болған. «Ембімұнайгаз» АҚ-да өндіру бойынша ағымдағы жоспардың орындалмауы ұңғымаларды бұрғылау бойынша және бұрғылау ертінділерін дайындау, бақылау қызметтерін кеш сатып алумен байланысты болған.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС және «Қаражанбасмұнай» АҚ есепті кезеңде мұнай өндіру жоспарын асыра орындағаны байқалған.

Еңбек, техникалық қауіпсіздікке келсек, биылғы жылдың 9 айында ҚМГ БӨ өндірістік нысандарында 19 жазатайым оқиға тіркелген. Оның ішінде 6 оқиға ӨМГ, 2 оқиға ЕМГ және ҚБМ, 8 оқиға сервистік еншілес ұйымдарда және 1 оқиға ҚМГ нысандарында болған. Бұл ретте 2 оқиға адам өлімімен аяқталған. Бұл қайғылы жағдайдың бірі ӨМГ және біреуі ЕМГ нысандарында болған.

ҚМГ БӨ бас директорының экономика және қаржы бойынша орынбасары Д.Абдулгафаров күрделі салымдар бюджеті қаржысының игерілмей отырғанын да айрықша атады. Осы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша күрделі салымдар бойынша жоспар 34,2 млрд. теңгеге орындалмаған. Қаржының игерілмеуі негізінен шоғырландырылған топтар бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары, негізгі құралдарды сатып алу, эксплуатациялық бұрғылау, іздеу-барлау бұрғылау баптары бойынша болып отыр.

Мұнай өндіру жоспарының орындалмағанына қарамастан, жалпы алғанда өткен есептік кезеңде

ҚМГ БӨ қызметінің қаржылық көрсеткіштерінің айтарлықтай орындалу деңгейі бар екені аталды.

Жиында ҚМГ БӨ еншілес және серіктес компанияларының басшылары баяндама жасады. «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов өзі жектешілік етіп отырған компанияның есепті кезеңдегі қаржылық-шаруашылық қызметі және осы жылдың соңына дейін күтілетін нәтижелер туралы сөз етті. Осы жылдың тоғыз айында «Өзенмұнайгаз» АҚ жоспар бойынша 4 276 000 тонна өндіру тиіс болса, іс жүзінде бұл көрсеткіш 4 092 445 тоннаны құраған. Жоспар 183 555 тоннаға кем шыққан. Мұнайдың күтілген көлемін өндіруге қол жеткізу жолында компания көптеген іс-шараларды жоспарлап, жүргізген.

Ауыспалы қор бойынша мұнай өндіру жоспарының орындалмауының негізгі себептері ұңғымаларға жөндеу жүргізумен байланысты болған. Өндіріске қажетті кейбір құралдарды сатып алу тендерлерінің жыл басында болмағаны кейін жеткізілімдердің кешігуіне әсерін тигізген. Сондай-ақ сулану деңгейінің өсуі де себептердің бірі болып отыр. Суланудың өсуінен жалпы

жоғалту шамамен 92 мың тоннаны құраған. ҚМГ БӨ бас директоры Қ. Есқазиев коррозияны баяулату мәселелерін және басқа да іс-шараларды шешуге көмек көрсетілетінін айта келе, жыл қорытындысы бойынша ӨМГ 5 млн. 570 мың тоннаны орындауды қамтамасыз ету тиістілігін жүктеді.

Технологиялық тәртіпті қалыптастыру бойынша жұмыстар атала келе, еңбек тәртібінің сақталу тиістілігі жіті назарға берілді.

Жиында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков өзі жетекшілік етіп отырған компанияның есепті кезеңдегі қаржылық-шаруашылық қызметі және жыл соңына күтіліп отырған нәтижелер туралы баяндады. Компания есепті кезеңде 2 116 877 тонна мұнай өндірген. Көзделген жоспардан 2 374

тоннаға кем шыққан. Жоспардың орындалмауы негізінен ұңғымаларды бұрғылауға қосуда, жөндеу бойынша қалыс қалудан болған. Суланудың ұлғаюы да себептің бірі ретінде аталды.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ басшылығы да өткен есептік кезеңде атқарылған жұмыстары туралы баяндады. Жиында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Мұнай сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директоры Айнұр Шәненова ҚМГ БӨ мұнайсервистік активтері бойынша баяндады. 9 айдың қорытындысына келсек, «ҚазГӨЗ» ЖШС кіріс бойынша жоспарды 126 %-ға орындаған, бұл сұйытылған мұнайлы газды өткізуді осы жылдың 1 шілдесінен тоннасы үшін бағаны 28 000-нан 34 319 теңгеге арттыру, құрғақ газды сатуды 27 млн. м<sup>3</sup>-ға ұлғайту есебінен қол жеткен.

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС кіріс бойынша жоспарының орындалуы 102 % құраған, бұл 8 ұңғымаға ҰКЖ көлемінің асыра орындалуы есебінен жүзеге асқан.

«KMG EP-Catering» ЖШС жоспарды 96,5 %-ға орындаған. Себеп, тапсырыс берушілер тағам мөлшерін көтеріңкі етіп жоспарлайды, іс жүзінде тамақтану аз. Қорытындысында «KMG EP-Catering» кірісті кем алған.

«СӨТБ» ЖШС бойынша теңіз суын тасымалдаудан кіріс 93 %-ға орындалған, жоспардың өз деңгейінде орындалмауы «Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан теңіз суын қабылдау көлемінің төмендеуімен байланысты болған. Жаңаөзен қаласында сұраныстың ұлғаюына байланысты ауыз су өндіру бойынша жоспар 106 %-ға орындалған.

«ТТБЖҰҚК» ЖШС кіріс бойынша жоспарды 92 %-ға орындаған, бұл Қаражанбас кенішінде ҰЖЖ көлемінің орындалмауынан, сондай-ақ ҚБМ бойынша алаңдар салу, транспортты жалға алу көлемінің төмендеуімен байланысты болған. «Бұл ретте қосымша жұмыс көлемін алумен байланысты кіріс, Дунга кен орнына қызмет көрсету бойынша 3 %-ға және Қаражанбас кен орнында ұңғымаларды бұрғылау 14 %-ға ұлғайғанын атап айтқым келеді», – дейді «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Мұнай сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директоры Айнұр Шәненова.

«КҚС» ЖШС 9 айдың жоспарын 76 %-ға орындаған. Жылдық жоспардан орындалуы 46 %, оның ішінде ӨМГ АҚ бойынша – 48 %, ЕМГ АҚ бойынша – 22 %.

Жоспардың орындалмауында негізгі фактор ретінде тапсырыс берушілермен келісімшарттардың кеш жасалуы, ағымдағы нарықтық бағалармен салыстырғанда, ЖСҚ-ға салынған негізгі құралдар ТМҚ-ға бағаның төмен болуы аталды. Бұл бюджетті бірнеше



рет түзетуге және материалдарды сатып алу бойынша тендерлік рәсімдерді қайталап өткізуге алып келеді. Мұнай сервистік еншілес және қарасты мекемелер бойынша кіріс бөліктің жалпы орындалуы 99 %-ды құраған. А. Шәненова жалпы алғанда, мұнай сервистік еншілес және қарасты мекемелер бойынша оң үрдіс барын атады. Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда шығындар 2,7 млрд. теңгеге, ал жоспарлық көрсеткішпен салыстырғанда 4,5 млрд. теңгеге азайған.

Мұнай сервистік еншілес және қарасты мекемелердегі қаржылық қиын жағдайға қарамастан еңбек өнімділігін, өндірістік мәдениетті арттыру және қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету және негізгі құралдардың сапасын нығайту мақсатында осы жылы көтергіш агрегаттар паркін және құралдарды жаңарту, күрделі жөндеу бригадасы үшін өндірістік қызмет көрсету базасын салу, ҚҚС үшін автоматты электр дәнекерлеу құралдары және құрылыс техникаларын сатып алу, СӨТБ бойынша магистральды су таратқышты күрделі жөндеу жұмыстары жоспарлануда екені айтылды. Есепті кезеңде мұнай сервистік еншілес және қарасты мекемелердің дәнекерлеушілері халықаралық стандарттар бойынша оқу курсынан өтті. Ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадалары шеберлерінің біліктілігін арттыру үшін модульдық оқу өткізілген. Заманауи технологияларды игеру және біліктілік шеберліктерін көтеру мақсатында аспазшыларға арналған оқу курсы өтуде.

Осы жылдың тоғыз айының есебіне арналған жиын қорытындысы бойынша ҚМГ БӨ еншілес және қарасты компанияларға жыл соңына дейін атқарылатын міндеттер пысықталып, орындалуы жүктелді.



# ҒАСЫРЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІ САҚТАП, ТҰРАҚТЫ ДАМУ!



**Айнур Еркінұлы, мұнай бағасы құлдыраған бүгінгі нарықта Компанияның жағдайы қалай? Өзгеріске бейімделу қалай жүруге?**

— Біз өнімнің өзіндік құны мен күрделі шығындарды азайту жолында жұмыстанудамыз. Бұл орайда өнім өндіруде жаңа технологияларды қолданып, өндіріс қызметін оңтайландыруды жіті назарда ұстап отырмыз. Осындай жұмыстардың нәтижесінде Компания мұнай бағасы құлдыраған нарыққа төтеп бере алды. Жер қойнауын игерушілердің ұсынысына қолдау білдірген Үкімет кедендік экспорттық бажын төлеуде икемді жүйе енгізді. Бұл орайда Ұлттық банк өз тарапынан валюталық таргеттеу жүйесін қабылдады. Бұл жұмыстар Компанияның қаржылық жағдайын нығайтып, өндірісті дамыту бағытындағы жұмыстарды жүзеге асыруға жол ашып отыр.

Биыл «Ембімұнайгаз» АҚ құрылғанына 95 жыл. Компания «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ алға қойған міндеттерді сәтті жүзеге асыруда. Ең бастысы, дамудың жаңа бағыттарын айқындадық. Өндірісті дамытумен қатар әлеуметтік бағытқа да көңіл бөліп отырмыз. Мұнайлы өңірде әлеуметтік тұрақтылықтың сақталуына ембілік мұнайшылар да үлкен үлес қосып келеді. Бұл орайда, бүгінгі нарықтағы мұнай бағасының құлдырауына қарамастан басшылық өз алдына үлкен міндеттерді қойып отыр.

Біз бүгінде бейімделу кезеңінен сәтті өтіп, тұрақты даму жолына түскенімізді сеніммен айта аламыз. 2016 жылы Компания 2.832 мың тонна мұнай өндірді, бұл жоспардағы көрсеткіштен 10 мың тоннаға жоғары. Ілеспе газды өндіру жоспары межедегі 190 млн. текше метрдің орнына 192 млн. текше метрге орындалды. 2017 жылдың алғашқы жартыжылдығында 1.399 мың тонна өнім алынды. Соңғы жылдарда кешенді шараларды жүзеге асырумен қатар мұнай өндіру көрсеткішін тұрақтандыруға қол жеткізіп отырмыз. Атап айтсақ, жаңа ұңғымаларды бұрғылау, ұңғымаларға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу, ұңғымалар қорымен жүйелі жұмыстар жүргізу, пайдалану коэффициентін көтеру, жөндеуаралық мерзімді ұзарту, жаңа технологияларды және кен алаңдарын игеруде оңтайландыру жүйесін енгізу сияқты жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асып жатыр.

**Өндірістің тиімділігін көтеруде Компания қандай шараларды жүзеге асыруда?**

— Ембі кен алаңдарының дені өнім берудің соңғы сатысында екені баршаға белгілі. Кен алаңдарында алынуы қиын мұнай қоры ұдайы өсіп отыр. «Ембімұнайгаз» АҚ өнім беру көрсеткішін көтеру үшін дәстүрлі әдістермен қатар, қазақстандық жетекші ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесе отырып, өндіріске жаңа технологияларды енгізу үшін жұмыстануда. Ұңғымалардың жөндеуаралық мерзімін (ҰЖМ) ұзарту үшін жаңа технологиялар батыл енгізілуде. Мысалға, Интеллектуалдық басқару стансасын алып қарайық. Бұл техно-



**Осы жылдың қыркүйек айында қазақ мұнайының «қара шаңырағы» — «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы өзінің 95 жылдық мерейтойын атап өтті. Компанияның бүгінгі тынысы мен алдағы уақытта алға қойған жоспары қандай? Біздің сұхбатымыз ұжымның жана басшысы, Басқарма төрағасы Айнур Еркінұлы ЖАҚСЫБЕКОВпен осы төңіректе өрбіді.**

логия 406 ұңғымаға енгізілді. Олардан күрделі салымдардың азайғанын, қондырғылардың пайдалану мерзімінің ұзарғанын байқадық. Сонымен қатар, электр энергиясын пайдалану орташа есеппен 30 пайызға азайды.

Өндіріске қуыс штанг және ортадан қырғышты және штангайналдырғышты енгізу арқылы ыстық мұнаймен өңдеу үшін тауарлық мұнайды пайдалану 35 пайызға азайды. Д-супер штангасын пайдалану штангалардың үзілу қатарын 38 пайызға дейін төмендетті. 2014-2017 жылдар аралығында мұндай штангалар 260 ұңғымаға енгізілген. Ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадаларына телебақылау жүйесін енгізу олардың жұмысына, тұрып қалуына, түсіру-көтеру жұмыстарына жедел бақылау орнатуға мүмкіндік беріп отыр. GPS жобасын енгізудің нәтижесінде автотранспорттардың жанар-жағар майды пайдалануы 20 пайызға дейін азайды. Аталмыш жобаның енгізілуі бірнеше мәселелерді шешуге жол ашты: өндірісті жедел басқарудың сапасы артты; өнім өндірудің үздіксіз жұмыс жасауы тұрақтады; жанар-жағар майды пайдалану үнемделді; арнаулы көлік паркін пайдалану коэффициенті көтерілді, шапшаңдық режиміне бақылау орнатуға, автокөлікті мақсатсыз пайдалануды тоқтатуға, олардың келісілген территориядан тыс жерлерге шығуына бақылау орнатуға мүмкіндік алынды.

Шығынды айтарлықтай азайтуға жол ашқан тағы бір бағыт — таңдау аналогтары мен балама қолданылатын деэмульгатордың қолданысқа енуі. Бәсекелестік ортаны құру және отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында 2014-2017 жылдар аралығында Қоғамның мұнайды дайындау пункттерінде «қара алтын» өнеркәсібі үшін отандық үш үлгілі деэмульгаторды сатып алуға және мұнайды дайындауға кететін шығындарды 50 пайызға азайтуға жол ашылып отыр.

Қол жеткізген табыстарымызға қарамастан біз жаңа технологияларды өндіріске енгізуді жалғастырып отырмыз. Жыл басынан бері терең сораптарға сервистік қызмет көрсетіп келеміз. Сервистік қызмет көрсету концепциясы төмендегі мақсаттарға орай: штангалық сораптардың жұмыс ресурсын көтеру; ұңғымалардың жөндеу аралық мерзімін көбейту; ұңғымаларға қызмет көрсету шығынын азайту; пайдалану мерзімі ішінде дайындаушы-зауытпен бірлесе отырып, сораптарға қызмет көрсету; ШГН мен сораптардың орталық электрлік қондырғыларға прокат жүйесін құруға жол ашты.

Кешенді шаралардың нәтижесінде соңғы 4 жылда ұңғымаларды жөндеуаралық кезеңі 260 күннен 280 күнге дейін өсті. 2018 жылы жөндеу аралық мерзімді 290 күнге дейін жеткізу жоспарлануда. Компания материалдық-техникалық қамту процестерін оңтайландыру, қондырғыларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету, сонымен қатар, транспортпен қамтамасыз ету барысында үлкен жұмыстарды қолға алуда. Бұл жұмыстар толықтай «Ембімұнайгаз» АҚ мамандарының өз күшімен атқарылып отыр. Өткен жылы қоймадағы қор 442 млн. теңгеге төмендеп, 11 пайызды құрады. Ағымдағы жылдың соңында тағы да қосымша 13 пайыз көлемінде — 466 млн. теңгеге азайту көзделуде. Барлық материалдық-техникалық қамту шаралары стандартталған, автоматты түрде есеп жүргізіледі. Қор айналымы жақсарды: 2015 жылы ол 239 күн болса, өткен жылы 225 күн, биылғы жылдың соңында 180 күнге дейін төмендемек.

Техникалық қызмет көрсету және жабдықтарды жөндеу жұмыстарын оңтайландыру жөнінде айтар болсақ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-де пилоттық жоба іске қосылды. Жоба жөндеу аралық кезеңді көбейтуге, жұмыс сапасын арттыруға және бизнес-процестерді автоматтандыруға бағытталған.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ-де аталмыш жоба іске қосылған соң, өзге басқармаларда таратылады. Өзінің тиімділігін көрсеткен транспорттық қамту жобасы бүгінде Компанияға қарасты басқа басқармаларда кеңінен қолданысқа енген. Жобаның іске қосылуының нәтижесінде отын шығыны 20 пайызға төмендеп, автопаркте барынша тиімді қолдануға жол ашылды.

Компанияның қаржыгерлері үлкен жұмысты қолға алып, 2012-2015 жылдарда 31,4 млрд. теңге көлемінде қосымша құн салығын (ҚҚС) қайтаруды мақсатында Қоғаммен жасалған шартта өзара есеп айырысу көрсетілмеген немесе расталмаған жағдайда ҚҚС сомасын өтеу және салық есептері көшірмесін ұсыну туралы пункттері енгізілді. Салықтық есеп көшірмесін ұсынуда, мәліметтерді салыстыра жүргізуде жұмыс берушілермен тұрақты жұмыстар жүргізіледі. Өздеріңіз көріп отырғандай, Компания өзінің қаржылық жағдайын жақсартуда шығындарды оңтайландыру және ресурстарды іздестіру бағытында тың бастамаларды қолға алып отыр. Бұл орайда, барлық резерв қолданылды деп есептемейміз.

**Айнур Еркінұлы, өндірістің тиімділігін көтеру мақсатында Компания үлкен жұмыстарды жүргізіп отыр. Алайда, Компанияның балансында ескі кен алаңдар бар. Жоспарланып жатқан геологиялық іздестіру жұмыстары жөнінде білесіз? Тұзасты қабаттарына барлау жұмыстары қалай жүзеге аспақ? Келісім шарттық аумақтарда жаңа кен алаңдарын күтуге болма ма? Жаңа кен орындарының есебінен несиелік активтерді сатып алуы өсіруге бола ма?**

— Иә, бүгінгі таңда Компанияның ресурстық базасы қиын жағдайда. «Ембімұнайгаз» АҚ балансында 41 кен алаңы бар. Тоғыз кеніш — консервацияда, оның жетеуінде сулану деңгейі жоғары және қордың таусылуына байланысты мемлекетке қайтару жұмыстары басталып жатыр. Ембілік геологтардың еңбегінің нәтижесінде Компания соңғы жылдарда мұнай өсімін жылдық өнім өндіру көрсеткіші деңгейіне жеткізіп отыр. Алайда, қорлардың негізгі бөлігі жаңа ашылуларға емес, қазірдің өзінде игеріліп жатқан кен орындарына тиесілі. Геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде С. Нұржанов, Шығыс Мақат, Батыс Прорва, Оңт.Шығыс Новобогат, Жаңаталап, Уаз, Аққұдық кен алаңдарында мұнайлы алқаптарды кеңейту және алғашқы қорды ұлғайтуға қол жеткізілді. Шығыс Уаз (Тайсойған), Орталық Новобогат (Лиман) кеніштері ашылды. Барлығы өнеркәсіптік санатына енген, қазіргі уақытта игеруге тартылған кеніштерде 5 млн. тоннадан астам мұнай бар.

«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша өнім деңгейінің келешекте өсуі жаңа кен алаңдарының ашылуымен байланысты. Қазіргі таңда Қазақстан нарығындағы технологияның дамуы терең горизонттарды барлауға мүмкіндік береді. «Ембімұнайгаз» АҚ мамандарының күшімен орта тұзүсті және үлкен тұзасты қабаттарының ашылуы бойынша талдамалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыстардың қорытындысында тұзүсті және тұзасты нысандар анықталды. Қаратон, Уаз, Досмұхамбетов, Ақтөбе және т.б. кен алаңдарында тұзүсті қабатындағы жаңа құрылымдар бұрғылауға дайындалды. Сонымен қатар, терең бұрғылау мен геологиялық барлауға тұзасты нысандар қатары анықталды. Терең бұрғылауға дайындалған құрылымның бірі Қаратон-Сарқамыс келісім шартының аумағында орналасқан. 2018 жылы бұрғылау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Жер қойнауын пайдаланудан бос басқа құрылымдар бойынша, ҚР Энергетика министрлігіне жаңа тұзасты түзілімдеріне барлау

келісімшарттарды жүргізу үшін ұсыныс берілді. Жаңа кен орындарын өнеркәсіптік игеруге енгізу үшін көмірсутек шикізаты шоғырын ашудан бастап пайдалануға беру 6 жылдан астам уақытты қажет етеді. Ал, жете барлау жұмыстары тек ағымдағы өнім өндіру деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік береді. Осындай көп еңбекті қажет ететін және ұзақ процесс екенін ескере отырып, «Ембімұнайгаз» АҚ өнім беріп тұрған кен орындарын сатып алуды жоспарлауда.

**Биыл ілеспе газды кешенді дайындау және күкірт өндірісі Қондырғысын іске қосыңыздар. Жаңа қондырғы туралы кеңірек тоқталсақ: қуаты, жобаның мақсаты, қандай кеніштерді қамтиды, дайын өнімді нарыққа шығару туралы айтуға бола ма? Мердігер мекеме туралы да білесіз, қондырғылар қай жақтан?**

— Отандық жер қойнауын игерушілер үшін экологияны сақтау — маңызды шара. Ағымдағы жылдың қыркүйек айында іске қосылған қондырғы өзінің толық қуатына көшкенде Прорва кен алаңында ауаға газ жағуды мүлдем тоқтатамыз. Бұл — Жылыой ауданы маңындағы елді мекендерінің тұрғындары үшін өзекті жәйт. Аталмыш жоба Компанияның ілеспе газды кешенді тазалау Бағдарламасы аясында жүзеге асты. Мұндай қондырғылар бұдан бұрын Исатай ауданындағы С. Балғымбаев кен алаңы мен Мақат ауданындағы Шығыс Мақат кенішінде іске қосылған болатын. Бүгінгі таңда Атырау облысындағы үш ауданның тұрғындарын тиімді бағамен көгілдір отынмен қамтып отырмыз.

Прорва кен алаңында іске қосылған қондырғының қуаты — жылына 150 млн. текше метр. Зауыт жыл сайын тауарлық газ, 4100 тонна күкірт шығарады. Тауарлы газ УКПГ-ГСП «Толқын» кеніштік газ құбырымен тасымалданса, тұрақты газ конденсаты жеке қажеттіліктерге пайдаланылады. Ал, түйіршікті күкірт ішкі және сыртқы нарыққа, КХР еліне сату үшін шығарылады. Газды өңдеу технологиясы экологиялық қауіпсіз және көмірсутекті жоюдың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді. Газды дайындау толықтай автоматтандырылған, апатты жағдайдың алдын алудың бірнеше кезеңдері қарастырылған.

Қазақстанда тұңғыш рет қышқыл газдарды күкірттен тазартуға арналған MERICHEM фирмасының патенттелген LO-CAT технологиясы қолданылуда. Жобаның бас мердігері — қазақстандық фирма «Kemeu limited» ЖШС. Жобаның құны 35 млрд. теңгені құрайды. Қондырғының құрылысы кезінде 500-ден астам уақытша жұмыс орны ашылды, қондырғы іске қосылған соң 100 адамға дейін жұмысқа қабылданды. Жобаны іске қосарда Қытай мен Еуропа елдерінде жасалған әлемдік соңғы технологиялар — жаңа қондырғылар пайдаланылды. Қондырғыда жұмыс істейтін мамандарды іріктегенде ТШО, КПО және «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-де осындай жобаларда жұмыс жасаған тәжірибесі бар жас мамандарға басымдық берілді.

**Бұл жоба Компанияның өнім өндіру көрсеткішін өсіруге жол аша ма?**

— Прорва кен алаңында Қондырғыны іске қосу өнім өндіру көрсеткішін тұрақтандыруға жол ашады. Сонымен қатар, еліміздің экологиялық заңдылықтарына сәйкес өндірістің экологиялық жағдайын жақсартуға қол жеткіземіз. Аталған жобаның жүзеге асуы бүгінгі таңда консервацияда тұрған Батыс Прорва кен алаңындағы газ қабаттарын игеруге және зауыт өнімін сату арқылы қосымша қаржылай түсімдерге жол ашады. Қосымша жұмыс орындары ашылады. Жақын уақыттарда триас горизонттарында жаңа



ұңғымаларды қазу арқылы ілеспе газдың көлемін көбейту көзделуде.

**Газ бойынша Компанияның алдағы уақыттағы жоспарын айта кетсеңіз.**

– Компания инвесторларды тарту арқылы бірнеше газ жобаларын іске қосуды жоспарлап отыр. Соның бірі – газпоршен электр стансасының құрылысы. Бүгінгі таңда, өзінің газы бола тұра, монополистерден жоғары тарифпен электр энергиясын сатып алуға мәжбүр. Газпоршен стансасы құрылысының жобасын іске қосу арқылы Компания өндіріс шығынын айтарлықтай азайтып, электр энергиямен жабдықтауды күшейтеді. Алғашқы кезеңде газпоршен стансасы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ «Оңтүстік Шығыс Қамысты» мен «Забурын» кен алаңдарын 9,6 МВт қуаттылықпен электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Компания бұл жобаны «Шығыс Мақат» кен алаңы мен Прорва кен алаңында да іске қоспақшы. Компания қолға алып жатқан тағы бір жоба – GTL (ағылш. тілінде сұйықтықтағы газ) технологиясымен байланысты, көгілдір газды өңдеу арқылы – дизельдік отын, керосин және синтетикалық моторлық май алу-ды көздейді. Ембінің табиғи газ бойынша қоры мол, жаңа технологияның көмегімен Компания болашақта аз шығынмен дәстүрлі мұнай өндіруді төмендетуді еңсереді. Мұндай жобалар тартымды, себебі, жанар-жағармай бағасы дәстүрлі түрде жоғары және тренд талдау жанар-жағар материалдардың жыл сайын өсімін көрсетіп отыр. GTL технологиясы бойынша өнім алу және оларды іске асыру өнім ассортиментін кеңейтуді және жаңа нарыққа шығаруды көздейді. Бірлескен тауар өндірісі мен технологияны пайдалану үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Мұның бәрі бізге ұзақ мерзімді басымдылық алуға мүмкіндік береді.

**Сіздің Компания өз активтерінің бірінде алғашқылардың бірі болып Цифрлық кен орнын енгізді. Бұл жөнінде кеңірек тоқталсаңыз.**

– Интеллектуалды кен алаңы технологиясы мұнай өндіру қондырғыларында барлық кезеңдермен енгізіледі. Операторлар параметрлерді түсіріп, жедел шешім қабылдау үшін онлайн-режимінде диспетчерге жібереді. Барлық ақпарат параллельді түрде «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік процестерді жедел басқару Орталығына және ӨБТ ҒЗИ орталығына («Қазмұнайгаз» Өндіру және Бұрғылау технологияларының ғылыми-зерттеу институты) келіп түседі. Мұнда ақпарат талданады, соның негізінде ұзақ мерзімді жоспарлау жүзеге асады.

Жаңа технология электр энергиясын үнемдеуге жол ашады, өйткені терең сорап сұйықтықтың толуына орай ғана флюид айдайды. Қондырғыға түсетін салмақ айтарлықтай азаяды, сирек жөнделіп, ұзақ пайдаланылады. Бұдан өзге, «ақылды» кен алаңдары ұңғыманың жағдайы және кеніштің жұмысы туралы толық және шынайы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Бұл орын алған проблемаларды дереу шешуге және алдағы жұмыстарды жоспарлауға мүмкіндік береді. Негізгі фактордың бірі – интеллектуалды кен алаңдарының нәтижесінде операторлардың жұмысы айтарлықтай жеңілдеді, ауа райының ыстығы мен суығында ұңғымаларды жаяу ара-лап, олардың тұрып қалу себебін анықтауда қол жұмыстарымен айналысуларының қажеті жоқ. Бұл жұмыстар енді автоматты түрде атқарылып, алыстан бақыланады. Еңбек қауіпсіздігі де артты.

«Интеллектуалды кен алаңы» жобасының аясында ұңғыма қондырғыларының жұмыс режимін оңтайландыру есебінен және ұңғымалардың пайдалану коэффициентін көтеру арқылы өткен жылы Уаз кен алаңында қосымша өнім алынып, 1,24 пайызға артық мұнай өндірілді. Электр энергиясын үнемдеу 33 пайызды құрап, ұңғымаларды жөндеу шығыны 25 пайызға төмендеді. 2017 жылы интеллектуалды кен алаңы жүйесін Прорва тобының

төрт кен алаңына: Ақтөбе, Досмұхамбетов, Батыс Прорва мен С. Нұржанов кеніштеріне тарату және кеңейту жоспарланған.

**Өндірілген өнімді экспорттау қандай бағыттарға жүзеге асады?**

– Компания өз өнімін негізгі екі бағытта: Каспий Құбыр Консорциумы (КТК) және Өзен-Атырау-Самара (ӨАС) арқылы экспорттайды. 2016 жылы КҚК арқылы 860 мың тонна шамасында өнім жөнелтілді. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда 12 пайызға жоғары. ӨАС бағыты арқылы өткен жылы 1,225 мың тонна мұнай жөнелтілген, экспортталған өнімнің жылдық көрсеткішінің 44 пайызын құрап отыр.

**Газды қайда сатасыздар?**

– Тауарлы газды екі ілеспе газды дайындау қондырғысында: С.Балғымбаев кеніші (Исатай ауданындағы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ) мен Шығыс Мақат (Мақат ауданындағы «Доссормұнайгаз» МГӨБ) дайындаймыз. Тауарлы газды тарату ұлттық оператор – «КазТрансГаз» АҚ арқылы жүзеге асады. 2015 жылы 5,1 млн. текше метр тауарлық газды сатсақ, 2016 жылы 5,4 млн. текше метр газ саудаға шықты.

**Табысты еңбектің кімті мамандардың қандай жағдайда еңбек етулеріне байланысты. Соңғы жылдарда қандай әлеуметтік нысандар салынды?**

– «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы кен алаңдарын абаттандыруға үлкен мән береді, өндіріс нысандарымен бірге әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы нысандардың құрылысы мен қайта жабдықтауын қатар жүргізіп келеді. 2013 жылы ұңғымалар мен қазандарды, құбыр жүйесін, арнаулы көліктерді жөндеу гаражын жайғастыруды іске қосу тұрақты жүрді. Компанияның кен алаңдарында 800 млн. теңге қаражатқа әлеуметтік нысандар салынды: Оңт.Батыс Қамысты кен алаңында 30 орынды жатақхана, Шығыс Мақат кенішінде жатақхана мен Жаңаталап кен алаңында асхана және Прорва кен алаңында дене шынықтыру-сауықтыру кешені іске қосылды.

2017 жылы 1,206 млрд. теңге қаражатқа әлеуметтік нысандардың: Кенбай кен алаңында 100 орындық жатақхана, С. Балғымбаев кенішінде асхана, Қисымбай кен алаңында 50 орындық асхананың құрылысы басталды.

Бүгінгі таңда жұмысшылардың, соның ішінде, тікелей өндірісте еңбек ететін жұмысшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын осыдан он жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстыруға келмейді. Заманауи жаңа жатақханалар, асханалар, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері мен өндірісілік автожолдар салынды. Жұмысшылардың жолсызбен жұмыс орындарына қатынауы жойылды. «Ембімұнайгаз» АҚ жұмысшыларының жағдайын жақсарту түсу мақсатындағы мұндай шараларды үнемі назарда ұстайды.

**«ҚазМұнайгаз» ҰК» АҚ-ға көктемге өткен жиналыста сіздің Компания еңбекті қорғау және**

**өндіріс қауіпсіздігі бойынша жетістіктері үшін арнаулы сертификатқа лабық деп бағаланды...**

– Иә, Компанияда әлемдегі ең үздік мұнай Компанияларының тәжірибесін енгізу бойынша үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. Өндіріс нысандарында қауіпті оқиғалардың алдын алу үшін қарапайым түсінікті тілмен түсіндіретін «Алтын Ереже» енгізілді. Бұл орайда қауіпсіздік шаралары үнемі жетілдіріліп отырылады. «Ембімұнайгаз» АҚ жасақтаған Стратегия қамтамасыз ететін қауіпсіздік және еңбекті қорғау – Компанияның негізгі бағыттарының бірі. Осы мақсатта кен алаңдарында өндірістік бақылауды күшейту штаттық кестені көбейтіп отырмыз. Өндіріс барысында басшылар мен барша Компания қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыра түсері даусыз.

**Атырау облысында қызмет етіп жатқан ірі мұнай Компаниялары тұщы судың балама көзін іздестіруге жобалар жасақтауда. Сіздің Компанияда бұл бағытта қандай жұмыстар қолға алынууда?**

– Жауапкершілікті түсінетін жер қойнауын игеруші ретінде аймақтың проблемасы бізді де алаңдатады. Соның ішінде Жайық өзенінің тайыздануын өз көзімізбен көріп отырмыз. Ірі мұнай компанияларының қолданыстағы ауыз су мен техникалық судың жалғыз көзі – «ҚазТрансОйл» АҚ құбыр жүйесі. Соның ішінде біздің де С. Балғымбаев, Ровное, Оңт. Батыс Қамысты, Оңт. Шығыс Қамысты, Жаңаталап, Гран, Забурын, Оңт. Шығыс Новобогат, Батыс Новобогат, Ақинген, Қисымбай, С. Нұржанов, Батыс Прорва, Досмұхамбетов, Ақтөбе кеніштері сынды үлкен кен алаңдарымыз – осы құбыр жүйесі арқылы су алады. Сондықтан да, өткен жылдан бастап Компания жерасты суын пайдаланудың мүмкіншіліктерін зерттеуді бастады. Бүгінгі таңда «Атырау гидрогеология» ЖШС-мен «Ембімұнайгаз» АҚ нысандарының өндірістік қажеттілігі үшін жерасты суларын іздестіру-зерттеу, жеткізу мақсатында Оңт. Ембі бассейнінің альб-сеноман қабатындағы пайдалануға жарайтын аз минералданған жерасты суының қорына 2017-2020 жылдарға арналған ұзақ мерзімді келісімшарт жасақталды.

**Әнуар Еркінұлы, Қазақстандағы көптеген мұнай компаниялары, соның ішінде шетелдіктердің үлестері бар бірлескен компанияларға жұмысты оңтайландыру мақсатында қызметкерлер қатарын және әлеуметтік жобаларды қысқартуда. Сіздің Компанияда жағдай қалай?**

– Жаңа айтып кеткенімдей, КСРО, кейіннен тәуелсіз Қазақстанның мұнай саласының бастауында тұрған Ембіде әлеуметтік жауапкершілік дәстүрі қалыптасқан. Экономикалық қиын жағдайда да әлеуметтік тұрақтылық басты қағида болып қала берді. Бүгінгі таңда шығындарды оңтайландыру қажеттілігіне байланысты штатта болған жұмыс

орындары аутсорсингке шығарылды, олар – тазалықшы, вахтер, күзетші, т. б.

Кадрлық құрамды жаңарту үшін ауыр еңбектегі (ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы, көлік жүргізушісі, т. б.) денсаулығында кінәрат бар мамандарға 58 жастан бастап ерте зейнеткерлік демалысқа шығуға мүмкіндік беретін Бағдарлама іске қосылды. Компания бұл мамандарға ресми зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін төлемдер төлеп тұрады. Нәтижесінде ерте зейнеткерлік демалысқа шыққан маман ай сайынғы жалақысының 50 пайызын алып отырады. Осы арқылы біз бірнеше проблемаларды шешеміз: өндірісте ұзақ жылдар еңбек еткен мамандардың өмірін жақсартамыз және кадрлық құрамды жаңартамыз. 2014 жылы күшіне енген Бағдарлама бойынша 143 маман ерте зейнеткерлік демалысқа шықты.

Өткен жылдың қараша айында бекітілген 2017-2021 жылдарға арналған Ұжымдық шарт Компанияның әлеуметтік жауапкершілігін айқындай түседі. Бұл құжат жобасын талқылауға барлық ұжым мүшелері - кәсіподақ комитетінің жетекшілері мен басқарма мамандарының өкілдері толық қатысты. 2012-2016 жылдарда Компания мемлекет пен жергілікті тұрғындар алдындағы әлеуметтік жауапкершілікке орай республикалық және жергілікті бюджетке 625 млрд. астам теңге аударды, оның 81 млрд. теңгеге жуығы 2016 жылдың есебінен.

Атырау облысының инфрақұрылымын дамыту мақсатында 1,7 млрд. теңге және қайырымдылық пен демеушілік шарасына 1,7 млрд. теңге қаражат аударылды. Компания жыл сайын әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларына, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек ретінде ақымды қаражат аударып келеді. Жыл сайын жаңа жылдық жасыл шырша шарасын ұйымдастыру дәстүрге енген. С.Қазыбаев атындағы балалар үйінің тәрбиеленушілерінің демалыстары мұнайшылардың көмегімен емдеу-сауықтыру мекемелерінде ұйымдастырылады. Биылғы жылдың маусым айында екі үлкен қайырымдылық шарасы өтті: мүмкіндігі шектеулі 300-ге жуық балаға арналып Атырау қаласында қазақ эстрадасының жұлдыздары қатысқан концерттік бағдарлама және С. Қазыбаев атындағы балалар үйінің тәрбиеленушілері арасында үлкен өнер шарасы өтті. Ембілік мұнайшылар 2015-2016 жылдарда болған қатты нәсер жауыннан ба-спаналары жарамсыз болған отбасыларына көмек көрсетіп, бір күндік жалақылары есебінен бірнеше үйге күрделі жөндеу жүргізіп, екі ба-спананы жаңадан салып берді. Компания 95 жылдық мерейтойына ұжым үлкен табыспен келді. Өндіріс көрсеткіштерін орындаумен қатар, әлеуметтік жауапкершілік бағытында да үлкен жұмыстар атқарылды. Біздің Компания үшін басты құндылық – жұмысшылар. Осындай ұжыммен бірге біз алда тұрған ақымды міндеттерді сәтті орындайтынымызға сенімдімін.



# СТРАТЕГИЯ СТАБИЛЬНОСТИ

«КОРАБЛЮ, КОТОРЫЙ НЕ ЗНАЕТ, КУДА ПЛЫТЬ,  
НИ ОДИН ВЕТЕР НЕ БУДЕТ ПОПУТНЫМ».

Сенека

➤ 21-22 октября в АО «Эмба-мунайгаз» состоялась Стратегическая сессия с участием всего управленческого состава аппарата управления и руководителей производственных структурных подразделений Компании.



Цели стратегической сессии: обсуждение краткосрочных и долгосрочных перспектив развития АО «Эмба-мунайгаз» в условиях замедления мирового спроса на энергоносители и активного развития производства возобновляемых источников энергии, вовлечение ключевых работников в обсуждение дальнейшего развития компании, улучшение внутренних коммуникаций между руководством и работниками и обеспечение у руководителей на разных уровнях управления единого понимания дальнейшего пути развития компании. Немаловажно также и то, что в ходе двухдневного обсуждения, сотрудники получили теоретические и практические навыки стратегического менеджмента.

В настоящее время в АО «Эмба-мунайгаз» идет большая работа по актуализации ранее разработанной Стратегии развития «Эмба-

мунайгаз. Новые горизонты роста» («Ренессанс») для последующего ее согласования с материнскими компаниями и утверждения Советом Директоров АО «Эмба-мунайгаз». Организатором стратегической сессии выступил департамент перспективного развития под руководством управляющего директора по перспективному развитию А. Байдусенова. В рамках подготовки к сессии была разработана долгосрочная финансово-экономическая модель до 2047 года в 6 ценовых сценариях и различных портфелях новых проектов. Данная модель должна стать дополнительным инструментом при подготовке стратегических инвестиционных решений.

Необходимость разработки стратегии несколько лет назад была вызвана комплексом объективных факторов для компании, требующих системной работы в этих направлениях. К ним относятся: эксплуатация старых месторождений и растущие, в связи с этим затраты компании на добычу нефти; значительное истощение ресурсов, запасов; социальная ответственность перед 5,5 тысячным персоналом (на сегодня ни один работник не сокращен, несмотря на низкие цены на нефть) и планируемое освоение новых месторождений.

Необходимость актуализации стратегии развития компании вызвана с учетом новых

инвестиционных проектов по геологоразведке, по развитию направления добычи газа и производства продуктов переработки газа, развития альтернативных источников энергообеспечения и водоснабжения, автоматизации бизнес-процессов, развития IT-технологий и переподготовки кадров.

Работа по актуализации Стратегии компании началась в июле текущего года. В декабре ее планируется вынести на обсуждение Совета директоров АО «Эмба-мунайгаз».

Служба по связям с общественностью  
АО «Эмба-мунайгаз»

## АО «ЭМБАМУНАЙГАЗ» – бронзовый спонсор KIOGE 2017

В работе выставки и конференции «Нефть и Газ» – KIOGE 2017, проходивших в Алматы 4-6 октября, приняли участие председатель правления Ануар Жаксыбеков, управляющие директора и руководители производственных структурных подразделений Компании. За 25 лет существования данного ежегодного мероприятия, KIOGE стала хорошей площадкой для встреч потенциальных партнеров и обмена опытом между специалистами нефтегазового сектора Казахстана и стран ближнего и дальнего зарубежья. В этом году АО «Эмба-мунайгаз» выступило бронзовым спонсором проведения конференции.

– Наша компания, как все нефтегазовые компании в мире, в последние годы, столкнулась с рядом вызовов, обусловленных снижением мировых цен на нефть. Мы и по сей день на-

блюдаем волатильность на рынке, вызванную замедлением мирового спроса на энергоносители, сланцевой революцией, активным развитием производства возобновляемых источников энергии и другими факторами. Для ответа на эти вызовы, компания проводит большую работу по различным направлениям деятельности и перспективным планам, большая часть из которых уже реализуются в виде конкретных проектов, – подчеркнул в ходе выступления на конференции **руководитель АО «Эмба-мунайгаз» Ануар Жаксыбеков.**

В выступлении на сессии «Добывающий сектор нефтегазовой отрасли в Казахстане: состояние и перспективы», руководитель Компании остановился на том, как АО «Эмба-мунайгаз» решает стоящие перед ней задачи. В частности, это касается вопросов прироста сырьевой базы,



применения новых технологий на производстве для повышения эффективности производства, оптимизации затрат и развития новых направлений по утилизации газа и выпуску новых видов продукции.

Всего в работе юбилейных выставки и конференции приняли участие более 250 компаний из 25 стран мира.

### ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ!

Скажем коррупции  
СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты [report@seehearspeakup.co.uk](mailto:report@seehearspeakup.co.uk)

или на сайте [www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report](http://www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report), также позвонив на следующие телефонные номера (звонок бесплатный):

для русскоговорящих:  
8 800 333 3574

для казахскоговорящих:  
8 800 333 4233

для англоговорящих:  
8 800 333 4244

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

**Сотрудникам гарантируется анонимность и конфиденциальность.**



### ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

Құрметті әріптестер!

Егер өндірістік қарым-қатынастар, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, тұрмыстық жағдайлар мен еңбек ережелеріне қатысты шағым немесе ұсыныстарыңыз болса, **8 771 054 45 70** нөміріне **WhatsApp** желісі арқылы байланысуға болады. Желі тек SMS-хабарламаларды ғана қабылдайды (қоңырау қабылданбайды).  
Анонимдік қамтамасыз етіледі.

«Эмбімунайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметі

### Уважаемые коллеги!

При наличии жалоб и предложений, касательно производственных отношений, охраны и безопасности труда, бытовых условий и трудовой дисциплины, Вы можете направить их на мобильный номер **8 771 054 45 70** **WhatsApp**. Линия поддерживает только прием сообщений, без звонков.

Анонимность гарантируется.

Служба по связям с общественностью АО «Эмба-мунайгаз»



## ДӘНЕКЕРЛЕУ ІСІНІН ЖАҢА ҮЛГІСІН МЕҢГЕРУДЕ

Техника мен технология қарыштап дамып келе жатқан білім ғасырында өндіріс саласында да заман талабына сай өзгерістер орын алуда. Өндіріс алаңы заманауи үлгідегі техникалармен толығып, мамандардың кәсіби шеберліктерін шыңдау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Осы тұрғыда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ қарасты «Кен-Құрылыс-Сервис», «ӨзенМұнайСервис», «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің дәнекерлеуші мамандары кәсіби шеберліктерін шыңдау үшін теориялық және тәжірибелік оқу курсынан өтті.

«ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ-ның бастамасымен ұйымдастырылған оқу курсына 60-қа жуық дәнекерлеуші мамандар қатысты. Екі айдан астам уақытқа созылған оқыту курсы тамыз айында басталған болатын. Курсқа қатысқан мамандар үш күн теориялық білім алып, жеті күн тәжірибелік сынақтан өтті. Қызметкерлер кезекпен алты ауысым бойынша білім алды. Оқу курсының қорытындысы бойынша қызметкерлерге сертификаттар табысталды.

«Су өндіру және тасымалдау» басқармасының персоналды басқару және еңбекақы төлеу, әлеуметтік саясат тобының жетекшісі Ақтоты Түсіпбаева уақыт талабына сәйкес мамандардың кәсіби біліктілігін шыңдап отыру маңызды екенін айтады. «Осы оқу курсына да электргазбен дәнекерлеуші мамандар ойдағыдай теорияны меңгеріп, практиканы тапсырып шықты. Қазіргі таңда серіктестіктің жасап отырған қызметі құбырмен тікелей байланысты. Құбырларды кесу, жалғау дәнекерлеушілердің негізгі қызметі. Апаттық жағдайлардың алдын

алу үшін электргазбен дәнекерлеу жұмыстары сапалы жүргізілуі қажет. Осы білім курсының нәтижесінде жұмыс сапасы артқаны бірден байқалады», – дейді А. Түсіпбаева.

«Су өндіру және тасымалдау» басқармасының 5-дәрежелі электрдәнекерлеушісі Айғанбай Тайманов осы оқу-тәжірибелік курс арқылы дәнекерлеу жұмыстарының соңғы үлгісін үйренгендерін айтады. «Тәжірибелі

мамандардың бөліскен тәжірибесі біздің мамандарға ауадай қажет. Қысқа мерзімнің ішінде осындай үлкен оқуды оқытып, сертификат табыстап отыр. Мамандар тарапынан осы курсты ұйымдастырған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ басшылығына алғысымызды білдіреміз», – дейді А. Тайманов.

«Кен-Құрылыс Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің дәнекерлеуші маманы

Мұхит Ермеков «Электргазбен дәнекерлеу жұмыстарын заманауи тұрғыда жүргізу қажеттігі артып тұр еді. Жартылай автоматтандырылған техникамен жұмыс жасау барысында уақыттың тиімділігі артады. Адам қауіпсіздігі күшейіп, жұмыс өнімділігі ұлғаяды. Бұндай біліктілікті арттыру курстарын оқу барлық мамандарға зор табыс әкелетіні сөзсіз», – дейді.

«Тор-center» білім орталығының менеджері Нұрлан Есмурзиновтың айтуынша, электргазбен дәнекерлеуші мамандардың біліктілігін арттыру үшін ұйымдастырылған курстың негізгі мақсаты – жұмыс барысына жаңашылдық енгізу. «Дәнекерлеуші мамандар қазіргі таңға дейін көп қолданылған электргазбен дәнекерлеу жұмыстарын жүзеге асырып келді. Ал, аталмыш курс арқылы жартылай автоматтандырылған дәнекерлеу тәсілін меңгерді. Біліктілікті арттырып, курстан өткендігі жөнінде сертификаттар берілді. Соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар арқылы жасалған жұмыс нәтижесінде сапалы болады. Енді алдағы уақытта білімгерлердің іс-тәжірибесіне сай зертханаға рұқсат қағазы берілетін болады. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап біздің мамандар әлемдік компаниялармен тәжірибе алмасты. Алдағы уақытта осындай көптеген оқыту курстарын ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз», – дейді Н. Есмурзинов.

Дәнекерлеу саласы да бір орында тұрмайды, дамиды. Мұнай өндірісі үшін бұл қызметтің маңызы зор. Сондықтан да сала жаңалықтарын меңгеру дәнекерлеуші мамандар үшін де аса қажет.

Қаламқас Аманқосова



## СПАРТАКИАДА ӨЗ МЕЖЕСІНЕ ЖЕТТІ

Ардагер мұнайшы Рахмет Өтесінов атындағы дене шынықтыру кешенінде мұнайшылардың кәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылған Спартакиада өз мәресіне жетті.

Нәтижесінде, жігіттер арасында өткен волейболдан I орынға АжТБ, II орынға № 2 СҚКБ, III орынға № 3 МГӨБ, ал шағын футболдан I орынға «ӨМС» ЖШС, II орынға «КҚС» ЖШС, III орынға № 3 МГӨБ командалары ие болды.

Ал қыз-келіншектер арасында өткен волейбол ойынынан I орынды №1 МГӨБ, II орынды № 3 МГӨБ, III орынды ӨТҚЖЖЖБ командалары қанжығаларына байлады.

Қол күресінен 80 келі салмақ дәрежесінде күш сынасқан Қуаныш Байбосынов (№ 3 МГӨБ) I орынға, Мереке Сәт (№ 1 МГӨБ) II орынға, Әділет Елеусінов (БЖБ) III орынға, 80 келіден жоғары салмақта қатысқан Айтқали Мұсаев (№ 3 СҚКБ) I орынға, Тойлыбай Тұрғанбаев (№ 5 СҚКБ) II орынға, Руслан Жұмағазиев (№ 3 МГӨБ) III орынға ие болды.

Қол күресі сайысынан қыз-келіншектеріміз де тыс қалған жоқ. 65 келі салмақтағы қол күресінен I орынға Айгүл Сабырова (№ 1 МГӨБ), II орынға Ақмарал Жұбауова, 65 келіден жоғары салмақта I орынға Сәнім Мұратова (№ 3 МГӨБ), II орынға Жеңісгүл Сұймағанбетова, III орынға Гауһар Нұрланова (ӨТҚЖЖЖБ) ие болды.

Жігіттер арасындағы жүзуден I орынға Қуандық Өсеров (№ 4 МГӨБ), II орынға Қуантай Жарылғапов (KMG EP-Catering), III орынға Ислам Қарабаев (ТТБ) ие болса, спорттың осы түрінен қыз-келіншектер арасынан I орынға Гауһар Жайылғанова (№ 1 МГӨБ), II орынға Айжан Қожанова (№ 4 МГӨБ), III орынға Наталья Әжіғалиева ие болды.

Маңызды шарада сөз сөйлеген «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров спорттың адам өмірі, денсаулығы үшін маңыздылығын атады.



## Жүргізушілер салауатты өмір салтын ұстанады

Транспорт қызметкерлерінің мерекесіне орай № 5 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасында спорттық сайыс өткізілді. Басқарманың 5 автоіздегі мен 4 бөлімшесі қатысқан спорттық шарада жұмыскерлер 100 метр қашықтыққа жүгіріп, зіл тасын көтерді және арқан тартып күш сынасты.

Басқарма директоры Ақмұрат Бекенов, бас инженер Омар Елеш, кәсіподақ төрағасы Мәдихан Оңалдықов еріптестерін кәсіби мерекемен құттықтады.

«Біз аталмыш шараны салауатты өмір салтын ұстану мақсатында өткізіп отырмыз. Кез келген компанияның болашағы оның жұмыскерлерінің денсаулығына

байланысты екендігі-дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Шараның мақсаты – басқарма жұмыскерлерінің ауызбіршілігін нығайтып, өзара сыйластығын артыру», – деді басқарма директоры.

Өте жоғары деңгейде өткен спорттық шара жүргізушілерге көтеріңкі көңіл-күй мен шаттық сыйлады.

# Бекет Ата сапары

Бүгінде «Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлері компания қамқорлығын үнемі сезінуде. Компанияда мұнай-газ саласындағы ардагерлерге, мүгедектерге, еңбегі сіңген жұмыскерлерге әлеуметтік көмек көрсету бойынша тұтас жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Зейнеткерлерді әлеуметтік қолдаудың бекітілген бағдарламасына сәйкес жыл сайын санаториялық-курорттық емдеуге тегін жолдамалар беріліп, материалдық көмек көрсету қаралған. «Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер Кеңесінің жоспарына сәйкес өткен 2016 жылы ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Ембімұнайгаз» АҚ бойын-

ша жұмыс жасамайтын зейнеткерлер арасында алғашқы рет 1-ші спорттық ойындар сайысы мен «Өнім саған, туған елім Тәуелсіз» атты ардагер көркемөнерпаздарының фестиваль-байқауы өтті. Ал енді, биылғы жылы Алаш Орда қозғалысының 100 жылдығына және ҚР ардагерлер ұйымының құрылғанына 30 жыл толуына орайластырылып, Ақмешіт, Бекет ата қорымдарының басына барып, ұйымдасқан түрде қарттар болып зиярат ету, зейнеткерлердің өлкетану саяхатын ұйымдастыру жоспарланған болатын. Жұырда осы сапардың сәті түсіп, ембілік еңбек ардагерлері аталған қорымдарда болып қайтты.

## «Пірдің соңы — Бекет»

Бекет ата Мырзағұлұлы - әулие, халық батыры, абыз көреген, ағартушы, сәулетші адам болған екен. Бекет атаның білімдарлық, батырлық, өділдік, еңбексүйгіштік, абыз көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айрықша қадірлеп, әулие тұтқан, «Пірдің соңы - Бекет» деп қастерлеген. Қосай Атадан кейін Адайлар руының ұранына айналған. Халық Бекет атаның өмірін, қысылғанға жар болған ерекше қасиетін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан ұрпаққа ұластырған. Емшілік қабілеті болғандықтан, ол

адамдар емдеген, білімін беріп, рухани күш берген. Бекет ата дау мәселелерін шешу кезінде би ретінде шығып, әрқашан нағыз софының сабыры мен даналығын көрсетті. Өзінің діни өсиеттерінде Бекет ата дінге сенетін адамдарды адал, әділетті болуға және жақсылық етуге шақырды. Бұл дана және әулие адам қалмақтарға қарсы күресте ерлік жасаған батыр ретінде де халық жадында қалды. Оның туған жері - Атырау облысы, Жылыой ауданы, Ақмешіт ауылы. Ембілік қарттар зиярат етуді әуелі атаға дүние жарығын сыйлаған ата-анасының жерленген жерінен бастауды ұйғарып, Ақмешітке бағыт алды...



## Зиярат Ақмешіттен басталды

Ардагерлер Бекет атаның басына бармастан бұрын, алдымен оның кіндік қаны тамған, ата-анасы жерленген жерге барып тәу етуді мақсат тұтып, Жылыой ауданы, Аққизтоғай ауылынан 28 шақырымда, солтүстік-шығыс бағытында орналасқан Ақмешіт қорымына ат басын бұрдық. Ақмешіт - бұл ағартушы, сәулетші, діни қызметкер Бекет Мырзағұлұлы (1750-1813 жж.) дүниеге келіп, өскен жер. 1771-1774 жылдары Бекет жер асты мешітін салып, діни, рухани, емшілік қызмет

көрсеткен, балаларды оқытқан. Мұнда әулиенің әкесі Мырзағұл, анасы Жания және бауыры жерленген. Оларға бір қауым зейнеткерлер зиярат етіп, құран бағыштадық. Жылыойлық әріптестеріміз марқұмдардың рухына, мал сойып, құрбандық шалған екен. Қабыл болсын айтып, бата берілді. Ақмешіттен көңіліміз кеңіп, арқамыз жеңілдеп қайттық. «Сыйласаңыз көріңді, жарылқаймын бәріңді» дегендей, басшылықтың зейнеткерлерге жасаған қамқорлығы алдарынан шыққай!

**К.Казиев,**

«Доссормұнайгаз» ардагері

## Бекет ата рухына тағзым

Бала кезден құлаққа сіңісті болған «Пірдің соңы - Бекет» деген қасиетті ұғыммен талай ұрпақ тәрбиеленді. Пір Бекеттің кіндік қаны тамған киелі мекен - Ақмешіттен бастау алған сапарымыз қасиетті Маңғыстау түбегіне ұласты. Біз, «Ембімұнайгаз» АҚ қарасты мекемелердің зейнеткерлері, өзіміздің тарихымызды біліп қана қоймай, Ұлысқа ұран болған, бойына қасиет дарыған Бекет Атамызға дұға бағыштауға жолға шықтық. Таң қараңғысында Шетпе стансасынан дайын көліктерге отырып, жол бойы Бекет Ата туралы әңгіме айтып, Маңғыстаудың ұлы даласының көріністерін тамашалай отырып, Шопан Атаға арнап салынған қонақ үйіне тоқтадық, сосын Шопан Ата жатқан жерге барып, Атаға, сол маңайдағы дүниеден озғандарға дұғамызды бағыштап, қасиетті құдығынан су ішіп, енді тура Бекет Ата мешітіне бағыт алдық. Алла тағаланың құдіретімен күздің ауыспалы

ауа райы сапар бойына жайдары шуағын төгіп тұрды. Бекет Атаның өзі салдырған мешітіне қанша барсақ та, табиғатының сұлулығы мен тау-тасының орналасуына көз тоймай қарайтынбыз. Бұрын барғанымызда Атаның арқарларын алыстан көріп, тамашалағанбыз, ал мына барысымызда арқар, киіктер лақтарымен бізден үрікпей, келіп су ішті, бұны да жақсылыққа жорып жатырмыз ғой. Қасетті, киелі Пір Бекеттің рухына тағзым жасап, ауылға да аман-сау оралдық. Әр адамның тілеген тілектері, ой түкпіріндегі мақсат-мұраттары да сол жерде іштей болса да айтылып, Жаратушы Иемізден қабыл ете гөр деп тіледік. Осындай игі істерге бастау болған «Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер кеңесі төрағасына, мұнайшы зейнеткерлердің ұсыныстарын қолдаған «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасына алғысымызды білдіреміз.

**М.Усаинова,**

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ ардагерлер Кеңесінің төрайымы

## Зиярат ету — парыз

Ел есінде қалған әңгімелерде Бекет ата Жем бойындағы Ақмешітте бала кезінде, Бейнеуде жігіт шағында, Баялыда елдің көші-қон уақыттарында болған. Өмірінің соңғы жылдарының көбін Оғыландыда өткізген. Осы қасиетті орындарға барып, зиярат етуді өзімізге парыз санап, жолға шыққан едік. Сапар оң болып, алды алпыстан асқан, соңы сексеннің сенгіріне шыққан отыз қарт

Бекет ата қорымына жақсы барып-келдік. Құран оқылып, дұға бағышталды. Таудан төмен түсіп, Атаның жерленген жеріне дейін бардық, жоғары көтерілу қиындау тисе де еңсердік. Қарттар сәтті сапарға дән риза, күш алып қайтқандай әсерде. Жан-жақтан атаға келіп жатқандар саны аз емес екен. Зиярат қабыл болсын баршаға!

**С.Қайыров,**

«Жайықмұнайгаз» зейнеткері

Биыл үш ай бойы Астанада өткен ЭКСПО көрмесін өз көздерімен көріп, тамашалаған 4 миллион адамның ішінде ембілік мұнайшы-ардагерлер де болды. Ардагерлерге тамаша демалыс сыйлау мақсатында біздің ұсынымызға «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы қолдау көрсетіп, мүмкіндік туғызды. ЭКСПО-ға саяхатымызды көрменің ең негізгі сәулеттік ғимараты Қазақстанның «Нұр Өлем» нысанынан бастадық. Баламалы энергия көздерін алыстан іздеудің қажеттілігі жоқ екеніне көзіміз жетті. Қазақстан мен шетел мәдениетін, даму үдерісін, жоғары жетістіктерін өз көзімізбен көрдік. Ең бастысы, халқымыздың қонақжайлығына шетелдіктер жоғары баға беріп жатыр. Күн сайын мыңдаған халықты жарқын жүзбен қарсы алып, жылы шыраймен шығарып салып тұрған жастарымызды көргенде сырттай тұрып сүйсіндік. ЭКСПО-ны өткізу арқылы Қазақ елі, Астана халықаралық шараны ұйымдастыра алатын іргелі мемлекет екенін аңғартты. Саяхаттың екінші күні Тұңғыш Президент, Атамекен музейлерін, Бәйтерек, Бейбітшілік және келісім сарайын, Хан шатыр және

## АРДАГЕРЛЕР АЛҒЫСЫ



басқа қаланың көз тартар жерлерін араладық. Саяхат барысында «Өзірет Сұлтан» мешітіне кіріп, аруақтарға құран бағыштадық. Астанадан 35 шақырымдай жердегі Ақмол ауылында орналасқан АЛЖИР («Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагері) мемориалды-мұражай кешенін аралаған кезде кінәсіз тұтқындалған әйелдердің басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерін тебіренбей еске алу мүмкін болмады.

Осынау елеулі оқиғаларды өз көзімізбен көріп, тарихи сәттің куәсі болуға ембілік мұнайшы-ардагерлерге мүмкіндік туғаны қуантты. Бұл - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ардагерлеріне көрсеткен құрметі деп білеміз. Көрмеге барып көзайым болып келген зейнеткерлер атынан Б. Текеев, А. Қойшыбаев, С. Райымбергенов, Е. Отарұлы, М. Жайсманова, А. Баспаев т. б. ардагерлер көрме туралы алған әсерлерін айтып, осындай мүмкіндік жасағаны үшін компанияға алғысын білдіреді.

**Бағыт Статуплин**

«Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер кеңесінің төрағасы.

### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ

ГАЗЕТ Қазақстан Республикасы

Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде есепке қойылып, № 6668-Г кәулігі берілген.

### МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

010000, Астана қаласы,  
Қабанбай Батыр даңғылы, 17 үй,  
11 қабат, 1102 бөлме.

- ◆ ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНДАҒЫ АВТОР ПІКІРІ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- ◆ РЕДАКЦИЯ ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТАРМАЙДЫ.
- ◆ «Мұнайлы мекен» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ.
- ◆ ЖАРИЯЛАНҒАН СУРЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА РЕДАКЦИЯ ЖАУАП БЕРЕДІ.

### ШЫҒАРЫЛЫМДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

Бақдәулет Төлеген – B.TOLEGEN@KMGEP.KZ  
Жұмағұл Темірғали – Zh.TEMIRGALI@KMGEP.KZ  
Бибиғұл Бөбекбай – P.SDSO@UMG.KMGEP.KZ  
Лаура Сүлейменова – L.SULEIMENOVA@EMG.KMGEP.KZ  
Ғалия Қаражанова – G.KARAJANOVA@EMG.KMGEP.KZ  
Қосұйым Мұқашев – K.MUKASHEV@EMG.KMGEP.KZ  
Алтынгүл Әлішерова – A.ALISHEROVA@KGM.KZ  
Жаңағұл Серікова – Zh.SERIKOVA@KMGEP.KZ  
Диана Қалқамбекова – D.KALKAMBEKOVA@KMGEP.KZ

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: MUNAILYMEKEN@KMGEP.KZ

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «SAMRUK INVEST GROUP» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.

Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар - АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17

Тел.: +7 (7132) 21 19 30